

1-тарау.1 дәріс.

Кеден кодексін зеттеу және талқылау.

«Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі 2010 жылы 30 маусымда қабылданды.

Кеден заңнамасы- тауардың және көлік құралдарының, мүлік пен басқа да заттардың кеден шекарасы арқылы өтуі тәртібін қамтамасыз ететін, кеден режимдерін қолданатын, кеден төлемдерін өндіріп алатын, кеден бақылауын жүргізіп, кеден рәсімдерін жүзеге асыратын мемлекеттік нормативтік заң. Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу Кеден одағының кеден заңнамасына, ал ондай заңнамамен реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Әдетте, тауарлар мен мүліктер алып өтілетін, сондай-ақ, адамдар шет елге баратын және шет елден келетін сапарларында өтетін шекаралық бекеттерде, әуежайларда, теміржол вокзалдарында, теңіз, өзен кемежайларында- кедендік заңнама қолданылады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы кеден ісінің құқықтық, экономикалық және ұйымдық негіздерін айқындайды және Қазақстан Республикасының егемендігі мен экономикалық қауіпсіздігін қорғауға, Қазақстан экономикасының дүниежүзілік экономикалық қатынастар жүйесіндегі байланыстарын жандандыруға және сыртқы экономикалық қызметті ырықтандыруға бағытталған.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында кеден құзыретіне шекара арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары туралы мәліметтер жинап, өңдеу, кеден қылмыстарының жасалу фактілері бойынша қылмыстық іс қозғау, анықтау және шұғыл іздестіру қызметін жүзеге асыру, санитарлық және карантиндік ережелердің орындалуын бақылау міндеттері де жатады. Ол шекара арқылы тасылатын тауарларды тексермелейді; кеден бақылауын жүзеге асырады; белгіленген кеден баждары мен алымдарын есептейді және оларды өндіріп алады; жүктердің өткізілуіне берілетін рұқсатнаманы рәсімдейді, егер олар белгіленген талаптарға сай болмаса немесе әкелуге және әкетуге тыйым салынған болса, ұстап қалады; контрабандаға, кеден ережелерінің бұзылуына қарсы күреседі, қажет болған жағдайда елден мәдени және тарихи құндылықтардың әкетілмеуін бақылайды; заңды немесе жеке тұлғалардың шекара арқылы жүктерді алып өтуіне байланысты басқа да алуан түрлі міндеттерді орындайды. Қазақстан Республикасының кеден аумағы оның құрлықтағы аумағын, аумақтық және ішкі суды, сондай-ақ, оның аспанындағы әуе кеңістігін қамтиды. Ал кеден шекарасы – республика аумағының шектері, еркін кеден аймақтары мен еркін қоймалар. Заңнамаға

сәйкес шекарада құжаттарды тиісінше рәсімдейтін Кеден бақылауы Кеден органдарына жүктелген. Кеден органдары тауарлар мен көлік құралдарының шекарадан кесіп өтуі кезінде өткізілетін тауарлар туралы негізделген шешімдерді қабылдау үшін барлық қажетті ақпаратты бір жерде жинауға, олар туралы құжатта бар мәліметтерді нақты деректермен салыстыруға, деректердің осы екі түрі арасындағы кездейсоқ немесе әдейі жасалған сәйкессіздікті табуға, қателіктерді түзетуге және мемлекетке келтірілетін ықтимал зиянды болдырмауға, заң мен кеден ережелерінің бұзылуының себептері мен жағдайларын анықтап жоюға, оларға қатысты адамдарды анықтау шараларын қолдануға, бұл бұрмалаушылықтардың заңи бағасын беруге тиіс. Халықаралық қатынастар үшін ашылған әуежайлар мен кемежайларда, темір жол ст-ларында кеден шекарасы арқылы өткізілетін немесе автомобиль қатынасы бар жерлердегі өтуге рұқсат етілетін бекеттерде мемл. шекара арқылы өткізілетін тауарларды уақытша сақтайтын қоймалардың болуы міндетті. 2000 жылы 1 қаңтарда 94-осындай уақытша сақтау қоймасы және 22 кеден қоймасы құрылып, жұмыс істеді